

**Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 наурыздағы N 312 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 12/2003-Э келісім-шарты бойынша және қосымшаға сай номенклатура мен санда "Уголь" акционерлік қоғамы (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) үшін "Искра" Новосибирск механикалық зауыты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

3 1

н а у р ы з д а ғ ы

N

3 1 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 12/2003-Э келісім-шарты
бойынша "Уголь" акционерлік қоғамы (Өзбекстан Республикасы,
Ташкент қаласы) үшін "Искра" Новосибирск механикалық
зауыты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны**

**(Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы) беретін
тауарлардың номенклатурасы мен саны**

P/c! Тауардың атауы ! СЭҚ ТН ! Өлшем ! Саны ! Құны АҚШ
N ! ! коды ! бірлігі! ! долларымен

1			Д Ш Э - 1 2		М Е М С Т	
			6 1 9 6 - 7 8		т ұ т а н д ы р ғ ы ш	
	бау	360300100	мың м. 400,0	73600,0		
2		О Ш П	М Е М С Т	3 4 7 0 - 8 0		о т
	өткізгіш бау	360300100	мың м. 100,0	12000,0		
3			Э Д - К 3 - 0 - П К М			
			М Е М С Т	2 1 8 0 6 - 7 6		э л е к т р
	тұтандырғыштары	360300900	мың дана 135,0	43200,0		
4			Э Д - К 3 - П К М		Т У	
			8 4 - 1 1 6 2 - 8 7		э л е к т р	
	тұтандырғыштары	360300900	мың дана 270,0	116100,0		
5			Э Д - 3 Н		Д И Ш В	
			7 7 3 . 9 5 1 . 3 0 0 Т У		э л е к т р	
	тұтандырғыштары	360300900	мың дана 16,2	8100,0		
6			К Д - 8 М А		Д И Ш В	
			7 7 3 . 9 4 1 . 0 0 8 Т У		к а п с ю л ь	
	тұтандырғыштары	360300900	мың дана 5,0	525,0		
	Ж И Ы Н Ы					2 5 3 5 2 5 , 0

Жөнелту пункті: Пашино станциясы, Батыс Сібір темір жолы (Ресей Федерациясы).
Баратын пункті: Ангрен станциясы, Өзбек темір жолы (Өзбекстан Республикасы)
Шекаралық өту пункттері: Локоть станциясы - Шеңгелді станциясы